

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ**



Бекітемін
«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректор м.а
Т. Балықбаев
5 11 2020ж.



ИНСТИТУТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

| Көшірме | Код | Басылым | Дайындалды | Келісілді | Келісілді |
|---------|-----------------|----------|-----------------------------------------|-------------------------------------------|------------------------------------------------------------|
| | ҚазҰПУ 10-10 | Төртінші | Жанбеков Х.Н. <i>[Signature]</i> | Сатмурзаев А.А. <i>[Signature]</i> | Оразғали Ә.Д. <i>[Signature]</i> |
| | | | | Жусупбеков С.С. <i>[Signature]</i> | Норма контроль: Жанбаева Л.А. <i>[Signature]</i> |

Алматы, 2020



1. ЕРЕЖЕНІ ӘЗІРЛЕУДІҢ НОРМАТИВТІК НЕГІЗДЕРІ

Берілген "Институт туралы" Ереже (бұдан әрі-Ереже) төмендегі нормативтік құқықтық актілер негізінде әзірленді және бекітілді:

- Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы Төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 бұйрығымен бекітілген "Педагог" кәсіби стандарты;
- Қазақстан Республикасының 30.12.2019 жылғы №293-VI "Педагог мәртебесі туралы" Заңы;
- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 4 қазандағы №384-п-м бұйрығымен бекітілген жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;
- 29.11.2019 ж. ISO 37001:2016 Стандартымен "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі" сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты.
- ХС ISO 9001:2015
- Абай атындағы ҚазҰПУ КеАҚ 2018-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары.

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1. Институт Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі-Университет) бакалавриат, магистратура және PhD докторантураның бірнеше мамандықтары бойынша білім алушыларды даярлауды, кафедралардың ғылыми – зерттеу және тәрбие қызметін үйлестіруді және басқаруды жүзеге асыратын оқу-ғылыми құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2.2. Институт ректордың бұйрығымен бекітілетін университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша ұйымдастырылады.

2.3. Институт өз қызметінде Қазақстан Республикасының Заңнамасын; Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан-2050" Стратегиясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңын, жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізу қағидаларын, аралық бақылау жүргізу



қағидаларын; ішкі нормативтік құжаттар: университет Жарғысын, Абай атындағы ҚазҰПУ–дың 2025 жылға дейінгі даму стратегиясын, университеттің академиялық саясатын, университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімін, Ішкі тәртіп Ережелерін, осы Ережені, сапа менеджменті жүйесінің басшылығын және рәсімдерін, ҚР БҒМ нормативтік-құқықтық құжаттарын, сондай-ақ Болон процесі шеңберінде қабылданған құжаттарды басшылыққа алады. Білім беру саласында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық актілерін, университет Жарғысын, ректордың, директордың/деканның, университет ректорының бұйрығымен бекітілген Ғылыми кеңестің бұйрықтарын және өкімдерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын, мүдделер қақтығысын шешу саясатын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша басқа да ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

2.4. Институттың негізгі бағыттары: жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыру; ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру, оның ішінде шетелдік серіктестердің қатысуымен.

2.5. Институт қорытынды аттестаттаудан табысты өткен адамға "бакалавр" - бакалавриат, "магистр" - магистратура, "PhD докторы" - PhD докторантура біліктілігін (дәрежесін) берумен расталатын жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді іске асырады.

2.6. Институт білім беру процесін мақсатты ұйымдастыру, оқытудың жаңа инновациялық технологияларын таңдау, қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалану арқылы белгілі бір деңгейдегі және бағыттағы білім беру бағдарламаларын игеруге, халықаралық білім беру кеңістігіне үйлесімді кіруге жағдай жасайды.

2.7. Институт магистрлік және PhD диссертацияларды қорғау бойынша оқу-әдістемелік бюро, ғылыми-әдістемелік орталықтар, кеңестер құрады.

2.8. Институт құрамына кіретін білім беру бағдарламаларына қатысты барлық кафедралар мен зертханаларды біріктіреді.

2.9. Институтқа жалпы басшылықты сайланбалы өкілді орган-институт кеңесі жүзеге асырады.

2.10. Институт қызметін тікелей басқаруды университет ректоры тағайындайтын институт директоры жүзеге асырады. Институт

| | | | |
|-----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------|------------------|----------------------|
|  | «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ | Күні: 09.11.2020 | Басылым: төртінші |
| | Институт туралы Ереже | Е ҚазҰПУ 10-10 | Беті 4, барлығы 8 |

директорының лауазымдық нұсқаулықтарын университет ректоры анықтайды және университеттің Ғылыми кеңесі бекітеді.

2.11. Институт білім алушыларға университет пен білім алушы арасындағы шартта көрсетілген білім беру қызметтерін ұсынады.

2.12. Институттың Тәрбие жұмысы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстан-2050" Стратегиясында жастарды жаңа қазақстандық патриотизмге, жалпыадамзаттық және адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу бойынша алға қойған міндеттеріне негізделеді және білім алушылар мен профессорлық-оқытушылық құрамның бірлескен білім беру, ғылыми, қоғамдық қызметінде, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2025 жылға дейінгі Даму Стратегиясында, Әдеп кодексінде іске асырылады. Институттағы тәртіп профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың адами қадір-қасиетін өзара құрметтеу негізінде сақталады.

2.13. Институт орындалатын оқу-тәрбие және ғылыми-зерттеу жұмысының көлемі мен нысанына қарай штат кестесін жасайды, профессорлық-оқытушылық және қосалқы персоналдың санын айқындайды, университет басшылығымен келісім бойынша кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады.

2.14. Институт өз бетінше ғылыми-практикалық журналдар, мақалалар жинағын шығарады.

2.15. Университет басшылығын сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ықтимал немесе орын алған бұзушылықтары, мүдделер қақтығысын шешу саясаты және университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптары туралы ақпараттандыру жөніндегі саясатты қолдайды.

3. НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Институттың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- мемлекеттік тілді білетін бәсекеге қабілетті көптілді мамандарды даярлау;
- білім алушылардың кәсіптік және қос дипломды білім беруді тереңдету мен кеңейтуге қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- ПОҚ мен білім алушылардың академиялық ұтқырлығын іске асыру, тиісті деңгейдегі кадрларды даярлау және қайта даярлау;
- оқу процесін, білімді бақылау жүйесін, модульдік оқытуды жетілдіру және ұйымдастыру ;

| | | | |
|-----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------|------------------|----------------------|
|  | «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ | Күні: 09.11.2020 | Басылым: төртінші |
| | Институт туралы Ереже | Е ҚазҰПУ 10-10 | Беті 5, барлығы 8 |

- оқу процесінің мазмұны мен нысандарын жаңартуды қамтамасыз ететін оқу жұмысының сапасын басқарудың тиімді жүйесін құру;
- оқу үрдісіне заманауи технологияларды енгізуді әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру ;
- ғылыми зерттеулер жүргізу, білім беру бағдарламалары мен жобаларына қатысу;
- Тапсырыс берушілермен жасалған шарттар негізінде ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру;
- ғылыми басылымдарды құру, баспа қызметін жүзеге асыру;
- ғылыми ынтымақтастық жүргізу мақсатында шетелдік серіктестермен және жұмыс берушілермен шарттар жасасу;
- Интернет технологияларды пайдалана отырып, Түлектер қауымдастығының қызметін жетілдіру ;
- синхронист-аудармашыларды даярлау жөніндегі білім беру бағдарламаларын жаңғырту.
- институт кафедраларының мамандарды дайындау және ғылыми зерттеулерді дамыту саласында шетелдік университеттермен халықаралық байланыстарын үйлестіру (академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша);
- отандық және шетелдік инвесторларды тарту;
- базалық кәсіпорындармен және мекемелермен институт қызметін жетілдіру;
- бұқаралық ақпарат құралдарын тарта отырып, республикада және одан тыс жерлерде кәсіптік бағдарлау жұмысын жүргізу;
- білім алушылардың спорттық, мәдени-бұқаралық жұмыстарын, тұрмысын ұйымдастыру, оларды шәкіртақымен қамтамасыз ету.
- кадрлық саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру, институттың мәдени-көпшілік іс-шараларын өткізу, профессорлық-оқытушылық құрамның ғылыми және шығармашылық қызметінің мәселелерін шешу.

4. ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

4.1. Институт университеттің негізгі оқу, ғылыми, әкімшілік және құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Институт құрамына: институт директоры, кафедралар, зертханалар, студенттік топтар, институт Кеңесі, көмекші персонал және мемлекеттік білім беру стандартын, институт қарамағына кіретін білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ететін басқа да бөлімшелер кіреді.



4.2. Институттың негізгі оқу-ғылыми құрылымдық бөлімшесі оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмысын, білім алушылар арасында тәрбие жұмысын, сондай-ақ кадрлар даярлауды жүзеге асыратын кафедра болып табылады.

5. ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Институттың негізгі қызметтері:

- университеттің даму стратегиясына сәйкес, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына және осы Ережеге сәйкес институт жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру;
- институтқа бекітілген мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларының (ББ) жүзеге асырылуын ұйымдастыру және бақылау;
- институттың бағыттары мен мамандықтары бойынша түрлі сатылардағы ББ іске асырылуын басқару;
- кафедралар мен құрылымдық бөлімшелердің институт білім алушыларымен жатақханада тәрбие жұмысын жоспарлау және жүргізу;
- профессор-оқытушылар құрамының, ғылыми және оқу-көмекші персоналдың штаттарын қалыптастыру, институттың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын іріктеу;
- Институт білім алушыларының, академиялық оқу топтарының контингентін қалыптастыру, старосталарды тағайындау;
- институттың, кафедралардың, зертханалардың жұмысын, оқу процесі мен ғылыми зерттеулерді қамтамасыз ететін нормативтік оқу-әдістемелік материалдарды дайындауға және басып шығаруға басшылық ету;
- сабақтар, емтихандар кестесінің орындалу сапасы мен барысын бақылау;
- оқу сабақтарының өткізілуін ұйымдастыру мен бақылауды қамтамасыз ету;
- академиялық күнтізбенің уақтылы орындалуын бақылау;
- білім алушыларға жеке жұмыс жоспарын құруға көмектесу;
- эдвайзерлердің белсенді қатысуымен білім алушылар арасында аралық бақылауды, аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу;
- қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу;
- білім алушыларды шәкіртақымен қамтамасыз ету және материалдық көмек көрсету;
- білім алушыларды басқа ЖОО-ға ауыстыру туралы, білім алушыларды оқудан шығару және қайта қабылдау туралы, шығару туралы, білім алушыларды басқа (грант, шарттық) оқыту нысанына ауыстыру туралы ректордың бұйрықтарының жобаларын дайындау;



| | | | |
|-----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------|------------------|----------------------|
|  | «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ | Күні: 09.11.2020 | Басылым: төртінші |
| | Институт туралы Ереже | Е ҚазҰПУ 10-10 | Беті 7, барлығы 8 |

- білім алушыларды курстан курсқа, бір КДБ-дан екіншісіне ауыстыру туралы, студенттерді басқа оқыту нысанына (күндізгі, сырттай) ауыстыру туралы, академиялық демалыс және қайта оқу жылын беру туралы ұсыныс дайындау;

- ректоратқа аттестаттау комиссиясының құрамы бойынша ұсыныстар енгізу және олардың жұмысын ұйымдастыру;

- білім алушылардың кәсіптік практикасына жалпы басшылық және бақылау жасау;

- институт түлектеріне жұмысқа орналасуға көмек көрсету бойынша жұмысты ұйымдастыру;

- институттың, кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамының біліктілігін арттыру жұмысын бақылау;

- білім алушыларды өзінің білім деңгейін арттыруға, салауатты өмір салтына, қоғамдық өмірге белсенді қатысуға ынталандыру;

- институттың студенттік өзін-өзі басқару және студенттік жатақханалардағы жұмысты ұйымдастыру;

- сапа менеджменті жүйесін енгізу және штаттық жұмыс істеуі бойынша жұмысты ұйымдастыру.

6. ҚҰҚЫҚТАР

6.1. Қойылған міндеттерді тиімді орындау үшін институтқа университет басшылығының қарауына енгізу құқығы беріледі:

- бөлімшенің қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар;

- бөлімшенің қызметі бойынша ескертулер;

- бөлімше қызметкерлерін ауыстыру, жұмыстан шығару және тағайындау бойынша, оның ішінде бөлімше қызметкерлерін көтермелеу және тәртіптік жаза қолдану туралы баянаттар ұсыну.

6.2. Университет басшылығынан немесе "Парасат" орталығының мамандарынан сыбайлас жемқорлыққа байланысты мәселе немесе жағдай туындаған жағдайда не істеу керектігі туралы кеңестер алу.

Университетті басқаруға жатпайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелінің төмен деңгейінен жоғары деңгейі туралы болжам бар кез келген операцияға қатысудан бас тартуға құқылы.

| | | | |
|----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------|------------------|----------------------|
|  | «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ | Күні: 09.11.2020 | Басылым: төртінші |
| | Институт туралы Ереже | Е ҚазҰПУ 10-10 | Беті 8, барлығы 8 |

7. ЖАУАПКЕРШІЛІК

Институт ұжымы төмендегілер үшін жауапкершілікте болады:

– лауазымдық нұсқаулықпен көзделген міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін-ҚР заңнамасында белгіленген шектерде;

- құпия ақпаратты жария еткені және коммерциялық режимді, заңнамада белгіленген шектерде құпияны сақтамағаны үшін;

- еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша ішкі режимді сақтамағаны үшін;

– материалдық залал келтіргені үшін-ҚР қолданыстағы Еңбек және азаматтық заңнамасында белгіленген шектерде;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының, мүдделер қақтығысын шешу саясатының, Қазақстан Республикасының ішкі нормативтік құжаттары мен заңнамалық актілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігінде талаптарын сақтау үшін.

Институттың әрбір оқытушысы мен қызметкері білім алушыларға көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына жауапты;

Институт ішкі тәртіп ережелерін бұзатын және институт ұжымындағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін нашарлататын адамдарға қатысты тиісті шаралар қабылдайды.

8. ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

Институтты қайта ұйымдастыру және тарату университет ректорының бұйрығымен бекітілетін университеттің Ғылыми Кеңесінің шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.

